## 2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы N 9 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаменті Қаратал ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 10 ақпанда N 2-12-101 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы N 3 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010.01.14 N 3 Қаулысымен

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 -бабының 1, 5-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесіне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақылы қоғамдық жұмыстар ұсыныс пен сұраныска сай айқындалып жұмыссыз азаматтар үшін уақытша жұмыс орнын құру жолымен ұйымдастырылсын.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009.03.30 N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

2. Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары қатысушылардың еңбегіне төленетін қаржыландыру көзі қосымшаға сай бекітілсін.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009.03.30 N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

3. "Қаратал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) қосымшаға сай бекітілген уақытша орындалатын қоғамдық жұмыстар өтетін ұйымдармен келісім-шартқа отырсын;

2) жұмыспен қамту бөлімінде тіркелген жұмыссыз азаматтарды қоғамдық жұмыстарға мақсатты топқа жататын азаматтар жіберілсін;

3) нақты атқарылған қоғамдық жұмысқа ақы төлеу жеке келісім бойынша, Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ең

төменгі еңбекақы мөлшерде атқарылған жұмыс есебі және жұмыс уақыты көрсетілген есебі бойынша жүргізілсін.

4. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылдың 15 ақпанында 2-12-66 нөмірімен тіркелген, 2008 жылдың 29 ақпанындағы N 9 "Қаратал" газетінде жарияланған, Қаратал ауданы әкімдігінің 2008 жылдың 14 қаңтарындағы N 9 "2008 жылы ақылы қоғамдық жұмысты ұйымдастыру туралы" қаулысының орындалуына байланысты күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары К. Естібаеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім:* *Қ. Медеуов*

Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылдың 15 қаңтарындағы N 9 "2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына қосымша

## Ұйымдардың 2009 жылға арналған тізбелері,қоғамдық жұмыстардың түрлері, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2009.03.30 N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

| N | Ұйымдар мен кәсіпорындардың аталуы | Уақытша орындалатын қоғамдық жұмыстардың түрлері | Көлемі мен нақты жағдайлары | Еңбегіне төленетін ақының мөлшері | Қаржыландыру көздері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | Қаланы көркейтіп (талдарды, жол ірге тастарын әктеп), көгалдандыру, санитарлық тазалық өткізу (орталық саябақта, жол жағалауларында, жол қиылыстарында). Орталық стадион мен қалалық демалыс және мәдениет саябағын | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қаратал ауданы әкімінің "Қаратал көркейту" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекет-тік коммуналдық кәсіпорны | барынша күтімге алу. Иесіз қалған үйлердің есік-терезелерін қалқалап жабу жұмыстарына қатысу. Талдардың бұталарын тегістеп қию. Талдар егіп, көшеттер мен гүлдерді күту. Қала жолдарын кезекті жөндеуден өткізу жұмыстарын жүргізген кезде ойылған жерлерге құм, тас төгу жұмыстарына қатысу. Су жүретін арықтарды тазартып, олардың осал жерлерін бекіту. Ескерткіштерді қалпына келтіру және айналасындағы гүлдерді баптау. Саябақтарды күту мен жол жағаларының шөптерін шауып, талдарын біркелкі етіп қию. Ақпарат орталықтарындағы сайлау науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруға көмек көрсету Жалғыз басты және қарт адамдарға әлеуметтік көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Мереке күндеріне дайындалу және соғыс ардагерлеріне, жалғызбасты адамдарға көмек көрсету, аулаларын реттестіруге және де басқа қажетті көмектер көрсету. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| | | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру. Тұрғын ауылдарды қоқыстан | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Тастөбе ауылдық округі | тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Ескерткіштерді өңдеп, күту. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Ағаштар отырғызып, шарбақтар тұрғызып, оларды сырлау. Мереке күндеріне дайындалу және соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау және әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруға көмек көрсету. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| | | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Көкпекті, Айту, Жасталап, Қожбан). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекітіп, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Ескерткіштерді | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | Айту би ауылдық округі | өндеп, күту. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Ағаштар отырғызып, шарбақтар тұрғызып, оларды сырлау. Мереке күндеріне дайындалу және соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Бұзылған үйлердің орындарын тазалау. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруға көмек көрсету. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| | | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Ескелді, Қызылжар, Көкдала Қайнар). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Жолдарды жөндеп, арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы | Қазақстан Республикасындағы Еңбек | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Ескелді ауылдық округі | ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Ағаштар отырғызып, шарбақтар тұрғызып, оларды сырлау. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға арналған мемориалды әктеп, сырлау, айналасын тазарту. Соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруға көмек көрсету. Бұзылған үйлердің орындарын тазалау. | заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| 5 | Карашеңгел ауылдық округі | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Кәлпе, Қанабек, Қарашеңгел, Айдар). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Жолдарды жөндеп, арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көмектесу. Ағаштар отырғызып, шарбақтар тұрғызып оларды сырлау Соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстар жүргізуге көмек көрсету. Бұзылған үйлердің орындарын тазалау. | | | Жергілікті бюджет |
| 6 | Елтай ауылдық округі | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Елтай, Сарыбұлақ). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Маусымдық ауыл -шаруашылық жұмыстарына қатысу. Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруға көмек көрсету. | | | Жергілікті бюджет |
| 7 | Балпық ауылдық округі | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Жаңа талап, Оян, Ұмтыл). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Маусымдық ауылшаруашылық жұмыстарына қатысу. Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Соғыс ардагерлеріне және жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруда көмек көрсету. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| | | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Бастөбе, Ортатөбе, Кіші төбе, Жылыбұлақ). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Маусымдық ауылшаруашылық жұмыстарына қатысу. | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 8 | Бастөбе ауылдық округі | Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Соғыс ардагерлеріне және жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруда көмек көрсету. Елді мекендердегі бұзылған үйлер мен ғимараттардың орнын тазартып, қалдықтарды шығару. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| | | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Ақиық, Алмалы, Дөңши, Ақжар). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Маусымдық ауылшаруашылық жұмыстарына қатысу. Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Қаңбақты ауылдық округі | отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруда көмек көрсету Елді мекендердегі бұзылған үйлер мен ғимараттардың орнын тазартып, қалдықтарды шығару. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| 10 | Қызылбалық ауылдық округі | Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Көпбірлік, Қарақұм). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты қар адамдарға көмек | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруда көмек көрсету. | | | Жергілікті бюджет |
| 11 | "Алматы облысының қорғаныс істер жөніндегі департаменті" мемлекет-тік мекемесі | Әскер жасындағы азаматтарды тізімдеуге көмек көрсету | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| 12 | "Қаратал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Әскер жасына жеткен азаматтарды тізімдеуге көмек көрсету. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| 13 | "Қаратал ауданының әйелдерді қолдау орталығы" | "Жауынгерлік түгендеу" акциясын жүргізу мақсатында аудан бойынша Ауғанстандағы соғысқа қатынасқан соғыс ардагерлерінің санағын жүргізу жұмыстарына көмек көрсету. "Өз мүмкіндігіңді пайдалан" бас бостандығынан айырылған мекемелерден келген азаматтарға еңбекте әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыруға көмектер көрсету. "Қайырымдылық" Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен мүгедектеріне, жалғыз басты қарттарға үйде әлеуметтік көмек көрсету. "Аз қамтамасыз етілген отбасыларын әлеуметтік қолдау" құжаттарын толтыруда немесе қабылдауға көмек | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоғамдық бірлестігі | көрсету. "Үміт" жас мамандарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында тәжірибеден өту үшін жұмыстар жүргізуге қатынасу "Балалар біздің болашағымыз " жасөспірім балалар мен мектеп жасындағы балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстарына қатынасу. "Батыр" жасөспірім балаларды салауатты өмірге баулу үшін жұмыстар ұйымдастыруға қатынасу. "Асар" оралман азаматтарға құжаттарын толтыруға, еңбекте орналасуға көмек көрсету. Жастарды жұмысқа орналасуы үшін басқа да жұмыстар жүргізу | берушілер-мен белгіленеді | | Жергілікті бюджет |
| 14 | ҚазақстанРеспубликасы курдтарының "Барбанг" қауымдастығы" аймақтық қоғамдық бірлестігінің Талдықорған аймақтық филиалы | "Жаңа дәуірге құлшыныс" құрт халқының салт-дәстүрімен таныстыру және олардың өнерлерін жаңғырту мақсатында жұмыстар атқаруға көмектер көрсету. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| 15 | "Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігі Қаратал | "Үміт" жобасы бойынша көзі көрмейтін зағип мүгедектерді біріктіру, еңбекке, білімге, мәдениетке және спортқа баулу | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бастауыш ұйымының" кооперативтік қоры | жұмыстарын іске асыру барысында көмектер көрсету | берушілер-мен белгіленеді | | Жергілікті бюджет |
| 16 | Қаратал ауданындағы "Қаратал Су құбыры" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық еншілес кәсіпорны | Су өтетін құбырлар мен құдықтарды тазалап, қалпына келтіру жұмыстарына қатысып, көмектер көрсету. Кәсіпорын орналасқан жерлердің шөптерін және қоқыстарды жинастыру, бардюрлерді әктеу, талдардың бұтақтарын қию жұмыстарын жүргізуге көмектер көрсету. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| 17 | Алматы облысы мемлекет-тік мұражайлық Қаратал аудандық филиалы | Мұражайдың құжаттарын реттестіруге көмек көрсету. Мұражай мекемесінің ауласын сыпыру және гүлдерді күтіп-баптау жұмыстарын жүргізу. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| 18 | "Қаратал ауданының спорт және дене тәрбиесі бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Кең көлемді мәдени шараларды ұйымдастыру-да қатысу, орталық стадионды қоқыстардан тазарту және көркейту, қалпына келтіру. Спорттық шараларды өткізуге көмектесу. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| 19 | Қаратал ауданы жастарының "Жастар таңдауы" қоғамдық бірлестігі | Жастар арасында ішімдік пен нашақорлыққа қарсы іс-шаралар ұйымдастыру және жүргізу жұмыстарына қатысу. | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |
| | Мемлекет-тік зейнетақы төлеу | Тұрғындарға қызмет көрсетудің сапасын анықтау мақсатында | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 20 | жөніндегі орталығының Алматы облыстық филиалы Қаратал аудандық бөлімшесі | келушілердің әрқайсысына сауалнама бланкілерін тарату, толтыру тәртібін түсіндіру, іс қағаздарын реттеу, тігу жұмыстарында көмектер көрсету | Қазақстан Республикасындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс берушілер-мен белгіленеді | Ең төменгі жалақының мөлшерін-де | Жергілікті бюджет |

Үкіметтік емес ұйымдар мен басқа да мекемелерге ақылы қоғамдық жұмысқа жіберілген жұмыссыз азаматтардың жалақысы ең кемінде ай сайын 13470 теңге көлемінде жергілікті бюджеттен төленеді.

2009 жылы қоғамдық жұмысқа 290 жұмыссыз азаматтар жіберіліп, төленетін қаражаттың көлемі 9766000 теңге құрамында болады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК